ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№103 (3428) 28 желтоқсан 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ

ҚҰРАМЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЗАҢ ГАЗЕТІ», «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА», СОНДАЙ-АҚ, «ЗАҢ» ЖӘНЕ «ФЕМИДА» ЖУРНАЛДАРЫ БАР «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ДЕТЕКТИВТІК ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА БИЫЛ ТӨРТІНШІ ЖЫЛ. ЖҮЗДЕН АСА ҮМІТКЕР БАҚ СЫНАҒАН БИЫЛҒЫ ДОДАҒА ТҰРЫСБЕК МЫЯТБЕКОВ БАСТАҒАН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТЫ ҰЖЫМЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН БОЛАТЫН.

Жалпы қазақ әдебиеті, оның ішінде детектив жанры үшін бұл байқаудың алар орны ерек. Олай дейтініміз, осы бастама көп жылдан бері ұмыт қалған детективті қайта оралтып, оқырмандармен қайта қауыштырды.

Байқаудың басты мақсаты Кемел Тоқаев ізбасарларының жолын ашып, таланттарды қолдау, сол арқылы қазақ детективін жандандыру болатын. Осы жанрда қалам тербейтін авторлар қатарының жылдан-жылға көбейіп, байқау қоржынына келіп түскен шығармалар санының артуы бұл мақсатымыздың біртіндеп орындалып жатқанын айғақтайды. Қазақ детективін әлемдік деңгейге көтеретін қаламгерлердің бағын жандырып, жұлдызын жарқыратуға байқаудың септігі тиіп жатса, белгілі бір ортаның немесе автордың ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің жеңісі болары хақ.

Өткен күнде белгі бар

Шара тарихына шегініс жасасақ, «Кемел Тоқаев атындағы детективтік шығармалар» байқауы жеңімпаздарының есімдері бұған дейін Алматы қаласында салтанатты түрде жарияланды. Бір үміт, бір үреймен басталған басқауға бірінші жылы республикамыздың түкпір-түкпірінен жетпіске жуық үміткер қатысты. Шығармалардың барлығы қазақ тілінде болды. Одан кейін авторлардың сұранысына қарай шығармалар қазақ және орыс тілінде қабылданып, «Заң газеті» мен «Юридическая газеталарында» қатар жарық көрді.

Қос басылымда жарияланған шытырман шығармалар көпшілік қызығушылығын тудырып, қолдаушылар ілтипатына ие болды. Бұған детектив бәйгесінің жаһандық пандемия жағдайында да тоқтап қалмай, жалғасын табуы дәлел.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген биылғы дүбірлі дода ұйымдастырушылар үшін ғана емес, қатысушылар үшін де ерекше болды.

(Соңы 3-бетте)

СӘТТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Жүрек қалауымен таңдаған мамандығың бойынша терең білім алу, үнемі ізденісте жүру, беріле еңбек ету кәсіби біліктілік кепілі. Әрине, әр мамандықтың өз қиындығы бар. Әсіресе, азаматтармен қоян-қолтық жұмыс істейтін, қызметі алақандағыдай көрініп тұратын мамандық иелеріне кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеріп қоймай,

Аян ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ,
Алматы облысы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының басшысы:

«ХАЛЫҚ КЕЛІП, КЕТКЕНДІ ЕМЕС, ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ»

көпшілікпен тіл табысып, қандай жағдайда да парасат биігінен табыла білудің маңызы зор. Жеке сот орындаушылар қызметі – осындай жауапты саланың бірі.

Алматы облысы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының жұмысы бүгінде бір арнаға түскен. Үнемі ел назарында тұрған қызметтің тұтқасын ұстаған Аян Тәңірбергенұлы өзінің іскер басшы, мықты ұйымдастырушы екенін әлдеқашан дәлелдеген. Ұжымын ұйыстыра білген азаматтың қазақ басылымдарына деген құрметі де ерекше екен. Сөздің қадірін, шаруаның жай-жапсарын жақсы түсінетін білікті басшымен сұхбатымыз да сәтті өрілді.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

МЕМЛЕКЕТ ІСІ БЕРЕКЕЛІ БОЛСА – ЕЛГЕ ҚҰТ

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ДЕРЕКТЕРІНЕ ҚАРАҒАНДА, 2021 ЖЫЛЫ 11 АЙДА ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРАЛҒАН 17 358 ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚАНДАС МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ 1991 ЖЫЛДАН БЕРІ ШЕКАРАНЫҢ СЫРТЫНАН ЕЛГЕ ҚАЙТҚАН ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТЫҢ САНЫ 1 МИЛЛИОН 87,7 МЫҢҒА ЖЕТТІ.

Қандастар саны көбейді

Биыл келгендердің басым бөлігі Өзбекстаннан (76,2%), Қытайдан (9,7%), Түрікменстаннан (6%), Моңғолиядан (2,5%) тек 5,7%-ы өзге елдерден болды. Олар негізінен Алматы (28,3%), Түркістан (13,4%), Маңғыстау (19,1%) және Жамбыл (7,8%) облыстары мен Шымкент (10,5%) қаласына қоныстанды. Қандастардың 55,2%-ы еңбекке қабілетті жастағылар, 28,1%-ын еңбек жасынан төмен және 16,8%-ын зейнеткерлер құрады. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың 11,1% жоғары білімді, 40,2% орта кәсіби білімді, 45,5% жалпы орта білімді, тек 3,1%-ның ғана білімі жоқ.

Егер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, қандас мәртебесін алғандардың 12,3 мыңнан 17,3 мыңға дейін өскенін байқауға болады. Былтыр Қазақстанға келген этникалық қазақтардың 54,2% Қытай, 30,0% Өзбекстан, 8,9 % Түрікменстаннан, 3,7% Моңғолиядан және 3,2%-ы басқа елдерден келгендер құраған болатын. Олар негізінен Алматы (51,7%) және Маңғыстау (13,4%) Түркістан (5,6%) облыстары мен Нұр-Сұлтан (4,1%) және Шымкент қалаларына (3,7%) қоныстанған. Ол кезде еңбекке қабілетті жастағылар 57,2%-ды, еңбек жасынан төмендегілер 32,2%-ды және зейнеткерлер 10,6%.

10 мыңнан астам жұмыс орны ашылған

Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған жол картасы (ЖҚЖК) шеңберінде 11 айда орташа жалақысы 91 мың теңгеден асатын 10,1 мың жұмыс орны құрылды. ЖҚЖК жобалары: жалпы халықтың өмір сүру сапасын арттыру; ШОБ үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру; агроөнеркәсіптік кешенді дамыту; өңірлерде бизнесті дамыту сияқты 4 негізгі бағытқа бөлінген. Оның аясында биыл барлық бағыттар бойынша жыл соңына дейін 42,5 мың жұмыс орны құрылып, оның 28,8 мыңнан астамының тұрақты жұмыс орындары болады.

Жұмыс іздеп жүрген қазақстандықтар тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына (ХЖҚО) бару арқылы ЖҚЖК шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатыса алады. ХЖҚО уақытша тіркелген адамдарды қоса алғанда, жұмыспен қамту органдарында жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар ретінде тіркелгендер, сондай-ақ жұмыстан босатылатын адамдар, жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамдар, студенттер қатарынан қажетті біліктілігі бар мамандарды іріктейді және оларды инфрақұрылымдық жобаны іске асыратын жұмыс беруші-мердігерге жібереді.

(Соңы 6-бетте)

Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ, Түркістан облыстық сотының төрағасы:

СЕНІМДІ АҚТАУ – ПАРЫЗ

Былтыр дәл осы уақытта Президент Жарлығымен Түркістан облыстық сотына төраға болып тағайындалған едім. Міне, содан бері зымырап бір жыл өтіпті.

Төрағалық қызмет үлкен жауаптылық жүктейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың сенім артуы мені жаңа қызметке жігерлендірді, ынталандырды. Бұл сенімнің артында аймақтағы сот жұмысын жандандыру, төрелікті барынша сапалы жүзеге асыру, Түркістан облысы тұрғындарының сот жүйесіне деген сенімін арттырып, сот корпусының беделін көтеру секілді асқаралы міндеттер тұр. Осы міндеттерді мінсіз атқару үшін жұмыстың негізгі бағыттарын айқындап, нақты іс шаралар жоспарын жасадық. Француз ойшылы Дени Дидро «Егер мақсатың болмаса, түк те тындыра алмайсың, ал мақсатың мардымсыз болса, ешқандай көрнекті нәрсе жасамайсың» деген екен. Осыны ескере отырып, алғашқы сәттен дұрыс бағдар белгілеуге, нақты межені айқындауға күш салдық. Қыпшақ ақыны Саиф Сараидың «Әділ жол мақсатқа жеткізеді» деген сөзі біздің мақсатымызбен шын мәнінде үндес. Оның үстіне, Президент Қ.Тоқаев судьялардың VIII съезінде «Сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі» екенін атап өтіп, сот корпусы алдына «Адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз ету» міндетін жүктегенін әрдайым жадымда ұстап, жұмыстың негізгі бағытының бірі ретінде «Сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға» басымдық бердік.

Жүйелі жұмыстың нәтижесіз болмайтыны белгілі. Бір жылды қорытындылағанда бұған анық көз жеткізуге болады. Айталық, Түркістан облысының соттарында азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді қарауда заң талабына сәйкес біркелкі сот тәжірибесін қалыптастырдық, оқу орталығының жұмысын жаңғырттық, тәлімгер судьялардың жұмысын күшейттік, судьялар шығарылған сот актілерінің сапасын жүйелі түрде саралап, қорытынды жасадық.

Бәрімізге белгілі, Мемлекет басшысы «Еститін мемлекет» саясатын жариялағандықтан, Жоғарғы Сот өткен жылды «Сапалы байланыс» жылы деп жариялап, соттардың алдына «Қоғам мен соттардың диалогын жақсарту» талабын қойған болатын. Осыған орай, жұмыстың келесі бағыты жергілікті халықтың Түркістан облысының соттарына деген сенімін арттырып, сот жүйесінің беделін көтеруге бағытталды. Соған орай Түркістан облыстық сотының ресми сайтының сапасын арттыру, жергілікті және республикалық БАҚпен тығыз жұмыс жасап, сот жүйесінің беделін көтеруге бағытталған мақалалардың санын көбейту, жергілікті телеарналарда азаматтардың құқығы мен мүддесін қалпына келтірген судьялар жұмысынан репортаждар көрсету, әлеуметтік желі, сайттарда Түркістан облысы соттарына қатысты оң имидждің орнығуына ықпал ету бойынша жүйелі шаралар қолға алынған. Осы мақсатта Түркістан облыстық соты мен «Turkistan» телеарнасының арасында меморандум жасалып, оның аясында облыс судьяларының қатысуымен еліміздің сот жүйесіндегі реформалар мен заңнамаларға енгізілген өзгерістерді халыққа түсіндіру, көпшіліктің қызығушылығын тудырған істер бойынша жарияланған сот актілеріне түсіндірме беру ісі жолға қойылды.

Халықтың құқықтық білімін көтеру, құқық бұзушылықтың алдын алу, озық құндылықтарды дәріптеу мақсатында Түркістан облысының әкімі Ө.Шүкеев мырзадан «TURKISTAN» телеарнасының эфирінен «Сот.kz» бағдарламасының дайындалуына бюджет есебінен қаржылай қолдау көрсетуді сұраған едік. Біздің ұсынысымызды аймақ әкімі қолдап, жыл басынан бері «TURKISTAN» телеарнасының эфирінен «Сот.kz» бағдарламасы жарық көріп келеді. Аталған бағдарламаларға судьялар қатысып, Түркістан өңірінде қызығушылық тудырған мәселелер бойынша және халықтың көкейінде жүрген өзекті сұрақтар бойынша сұхбаттар беруде.

«Бедел мысқалдап жиналады» дейді. Осылай ұжым болып жиналған абыройды кейде бір ғана адамның лайықсыз ісі жуып-шайып кететіні жасырын емес. Соған орай судьялар мен сот қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің барлық мүмкіндігі ескеріліп, түсіндіру, кеселдің алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Мұндай белсенді жұмыстардың ізсіз кетуі, нәтижесіз болуы мүмкін емес. Оны бір жылғы қорытындыдан да байқап отырмыз. Ендеше, ескі жылды тоқ көңілмен шығарып сала отырып, жаңа жылда жақсы істеріміз жалғасын тапсын деп тілейміз! Елдегі әділ төрелікті қамтамасыз етіп, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға байланысты қолға алған бастамаларымыз үзілмесін! Сот жүйесіне деген сенім нығая берсін!

Досжан ӘМІР, Ақмола облыстық сотының төрағасы:

«БІРІҢДІ ҚАЗАҚ, БІРІҢ ДОС, КӨРМЕСЕҢ ІСТІҢ БӘРІ БОС»

Жаңа жыл бастауы әрқашан да өткен жылғы атқарылған жұмыстарды қорытындылап, жаңа мақсаттар мен үміттерді айқындаудан басталады. Барша адамзат бұл күндері жаңа жылға үлкен үмітпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. 2021 жыл оңай болған жоқ. Алайда, біз пандемиямен күресу жолында татулық пен тұрақтылықты сақтай білдік.

Дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену жолында Елбасының қойылған тапсырмаларын ел болып, жұрт болып атқарудамыз.

Сот жүйесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының бастамасымен заңдарға өзгерістер енгізіліп, жобалар жүзеге асырылып, халықтың сотқа қолжетімділігі барынша қамтамасыз етілуде.

Келер 2022 жылы баршаңызға берекелі өмір тілей отыра, заңгер ретінде қоғамдағы дау-дамайлар барынша азайып, бір-бірімізге кешірімділік пен түсінушілікпен қарағандарымызды тілер едім.

«Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, ел бірлігімен тұтастығы нығайып, қазақ халқының рухы биік болсын, Тәуелсіздігіміз нығая берсін деп тілеймін. Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеміз.

Келер жыл тың шығармашылық ойларға, биік кәсіби жетістіктерге, керемет оң өзгерістерге, тамаша бастамалар мен оң шешімдерге толы болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Жаңа жылда барлық армандар орындалсын!

Жаңа жыл құтты болсын!

Нұрсерік ШӘРІПОВ, Қарағанды облыстық сотының төрағасы:

СОТ БЕДЕЛІ – МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІ

Қазақстанның сот жүйесі – мемлекетіміздегі ең қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі. Сот саласындағы жаңалықтарды айтпастан бұрын алдымен оның маңыздылығына қысқаша тоқталып өтсем. Белгілі жайт, қоғамның бай-қуаттылығы, тұрақтылығы қашанда әділ сот ұғымымен ұштасып жатады. Сондықтан да соттың беделін мемлекеттің мәртебесі ретінде қарауымыз шарт.

Бұл тұрғыда Елбасымыз Н.Назарбаев сот саласын жетілдіру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету тұрғысында нақты міндеттер қойса, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев сот билігі мен судьялар тәуелсіздігін мейлінше қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аударып, сот төрелегінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атап өтті. Сондықтан да сот билігінің басты мақсаты – Қазақстанның жаңа даму жағдайына сай, өзінің тәуелсіздігімен, құқық қолдану нысанымен ерекшеленетін сот жүйесін одан әрі жетілдіру, соттың халық алдында беделін күшейту, қоғамның сотқа деген сенімін ұлғайту.

Сот қызметін жетілдіру жұмысы – бір күндік емес, күнделікті, әрдайым назарды қажет ететін үрдіс. Сот жүйесі де жалпы қазақстандық қоғаммен бірге біте қайнасып, уақыт талабына сай өзгерістерге түсетіндігі баршамызға аян. Сот-құқықтық реформалардың тек соңғы бес жылына ғана тоқталар болсақ, сот саласы бес сатыдан үш сатылы жүйеге көшті, судьяларға біліктілік талабы күшейтіліп, кандидаттарды іріктеу тетігі жақсарды, сот корпусына және сот актілерінің сапасына талап күшейтілді, IT технология мен сот сервисі енгізілді, жаңа Әдеп кодексі қабылданды, инвестициялық іс жүргізу мен халықаралық кеңес құрылды, Сот төрелігі академиясының жұмысы жанданды.

Сот жүйесіне тың серпін берген жаңалықтың бірі – Әкімшілік әділет институтының қалыптасуына негіз болған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгізілуімен байланысты. Жария-құқықтық дауларды реттейтін бұл Кодекстің мақсаты – жеке, заңды тұлғалардың бұзылған немесе дауланатын құқығы мен бостандығын қорғау және қалпына келтірудің тиімді тетігін орнату. Құқықтық салаға үлкен бетбұрыс жасаған бұл кодекстің жаңалығы аз емес. Қазіргі кезде Қарағанды және Жезқазған қалаларында екі мамандандырылған әкімшілік сот жұмыс жасауда. Осы соттарда ағымдағы жылдың шілде айынан қарашаға дейін мемлекеттік органдарға қарсы 828 әкімшілік талап қою арызы түскен. Нәтижесінде қаралған әкімшілік істердің 49%-ы бойынша мемлекеттік органдар жеңіліс тауып, өздерінің шығарған шешімдері мен іс-әрекеттерінің заңдылығын дәлелдей алмады.

Қорыта айтарымыз, әкімшілік әділет институтының басты міндеті – мемлекет басқару саласында адам құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу, оның ішінде мемлекеттік әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау. Заңның болашақта дұрыс қолданылып, дамуы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырып, әкімшілік сот шешімдерінің сапасы мен негізділігін нығайтуға жол ашарына сеніміміз мол.

Қамбар НҰРЫШЕВ, Қызылорда облыстық сотының төрағасы:

ДАУ ЖОҚ ЕЛДЕ ДАМУ БАР

Мемлекет басшысы мен Жоғарғы Сот төрағасының сот жүйесін жетілдірудегі реформалардың басты бағыты – Қазақстанда жоғары сапалы, әділ сот қалыптастыру. Жоғарғы Сот бастамасымен іске қосылған «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы шеңберінде «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» секілді жобалар жүзеге асырылып, саланың қарыштап дамуына септігін тигізді. Аазаматтарға ашық, жариялы түрде көмек көрсетіп, құқығын жедел түрде қорғауды қамтамасыз ету мақсатында соттарда фронт-кеңселер ашылды. Сотқа келушілердің көп болуына сәйкес Қызылорда қалалық сотындағы фронт-кеңсе жаңғыртылып, қайта қолдануға берілді.

Аймақ тұрғындарының сот қызметіне қолжетімділігін қамтамасыз ету және туындаған сұрақтарына тиісті жауап беру мақсатында облыстың барлық соттарында «Ашық есік күні», сот төрағаларының жеке қабылдауы өткізіледі. Қызылорда облыстық сотында әлеуметтік желі арқылы тұрғындармен байланыс жасау тәжірибесі қалыптасқан. Қызылорда облысы соттарының Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшалары және облыстық соттың инстаграмм парақшасы, Телеграмм және Youtube арналары белсенді жұмыс жасап отыр. Сонымен бірге, азаматтар соттардың WhatsApp мессенджеріне және Телеграмм-бот арналарына кез келген уақытта жүгінуге болады. Пандемияға байланысты төтенше жағдай енгізілгенде Қызылорда облысының соттары толықтай онлайн форматта жұмыс жасауға көшті. Қалыптасқан қызмет тәртібіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Айта кету керек, соттарда осыған дейін де сандық технологиялар емін-еркін қолданылған болатын. Соттың цифрлы технологияны қолданудағы қарқыны жоғары. Қаралатын істердің басым көпшілігі мен соттардағы құжат айналымы толығымен электронды форматқа көшкен. Бүгінгі күні сотта қаралатын істерді барынша азайтуға, дауларды бейбіт жолмен шешуге басымдық беріліп отыр. Облыс соттарында дауды сотқа дейін және соттан тыс реттеу институттарының қолданылуын кеңейту мақсатында мобильдік топ құрылған. Олар бітімгершілік рәсімінің артықшылығын түсіндіруде.

Сонымен қатар Қызылорда облысы бойынша барлық әкімдік жанынан медиация кабинеті қызмет атқарып отыр. Дауларды көнекөз қариялардың дана сөзімен шешу бүгінгі күні Билер кеңестері арқылы да жүзеге асырылуда. Сот жүйесінде олар дауларды сотқа дейін шешудің баламалы түрі ретінде қолданылып келеді. Соңғы жылдары тараптардың татуласу келісімімен шешілетін істердің саны республика көлемінде артты. Бұл халық арасында дауларды сотпен емес, бітіммен шешу мәдениетінің қалыптасқанын, сөзге тоқтау, үлкендерді құрметтеу сынды құндылықтардың әлі де жойылмағанын көрсетеді.

Құқықтық сауаттылықты арттыру барысында елімізде көптеген нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру қашан да өзекті болып қала бермек. Өткелі тұрған жылда атқарылған істер аз емес, келер жылда да сот саласы үшін толағай жұмыстар атқаратын жыл болмақ. Сіздерді жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіптеріңізге береке тілеймін.

Бек ӘМЕТОВ, Маңғыстау облыстық сотының төрағасы:

ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ ЖЫЛ БОЛДЫ

Еліміз тағы бір жылды еңсеріп, күнтізбеде жаңа жылдың бетін айқара ашқалы отыр. Ескі жылдың есіркеуі мен жаңа жылдың жарылқауын тілеп отыратын қазақ халқы үшін әрбір жылдың орны ерекше.

Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын жоғары деңгейде атап өттік. Қазақ мемлекеті қайта жаңғырған осы жылдары еліміздің сот-құқық жүйесі де халықаралық талаптардың үдесінен шыға білді. Сіз бен біз қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуірде сот жүйесінің кешегісі мен бүгінін көз алдымызда өткердік.

Соңғы жылдары елді шырмаған пандемияға қарамастан, сот жүйесі ілгерілеуін бір сәтке де тоқтатпай, ауқымды реформаларды іске асырып келеді. Биыл сот билігі үшін жетістіктері мол, табысы зор жыл болды. Сот төрелігін атқарудағы жетістіктерге айқын мақсат, жасампаз жоспарлардың, берекелі бірлігіміз бен тиянақты тірлігіміздің, азаматтардың сот жаңашылдықтарын жылдам қабылдауының арқасында жеттік. Ең бастысы, халқымыздың сотқа деген сенімі біз үшін қашан да маңызды міндет болып қала бермек.

Еліміз 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспары және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдады. Жаңа жылда еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр.

Ескі жылмен қоштасып, жаңа жылға қадам басар алдында әрбіріміз өткенімізді қорытып, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізіп, алдағы күнге үміт артатынымыз тағы бар.

Сондықтан келер жыл еліміз үшін, сот жүйесі үшін ауқымды жетістіктерді іске асыратын, қордаланған мәселелерді қылдай шешетін табысты да сәтті жыл болғай! Әрбір алға қойған жаңа мақсаттарымызды орындауға халқымыздың бай тәжірибесі, ынтымағы мен бірлігі ең басты кепіл болатыны анық.

Барша қазақстандықтарды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекетіміз дамудың даңғыл жолынан таймай, толағай табыстарға кенеле берсін! Жаңа жылда әр шаңырақ молшылыққа, бақыт пен шаттыққа бөленсін!

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жүзден жүйрік шыққан жүлдегерлер түркі жұртшылығының кіші Меккесі – рухани астанамыз Түркістан қаласында марапатталды.

Облыстық сот төрағасы Тұрысбек Мыятбековтің тікелей қолдауымен байқау қорытындысы Түркістандағы «Конгресс Холл көпсалалы кешенінде» жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Байқау қоржынына түскен шығармаларды Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ерден Әріпов, Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятбеков, Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібай және «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» президенті Досымбек Өтеғалиев бағалады.

Бас-аяғы бес айда 104 шығарма келіп түссе, соның 14-і жүлдеге ілікті. Бас жүлде, 1 миллион теңгені – белгілі жазушы, «Таң Шолпан» журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматұлының «Жапыраққа жұққан қан» шығармасы иеленсе, I орын, 500 мың теңгені – жас қаламгер, «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Абай Аймағамбетке бұйырды. II орынға отставкадағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағанбетов пен болашағынан үміт күттірер жас қаламгер Назира Ғизатқызының шығармасы лайық деп танылды. III орын биігін әдеби ортада өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан Ербол Бейілхан, Мариям Әбсаттар, Жадыра Шамұратова сынды таланттар бағындырды. Бұл жүлде үшін жеңімпаздардың әрқайсысына 150 мың теңге тағайындалған болатын.

Бәйгеге қатысқан әрбір шығарма елеусіз қалмай, қазылар, сондай-ақ, оқырмандар тарапынан әділ бағасын алды. 14 жүлдегердің таңдалуы осының айғағы десек, 4 қатысушы ынталандыру сыйлығын иеленді. Олардың қатарында жазушы Дидар Амантай, Шымкент қалалық сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Қабыл Дүйсенби, Шығыс Қазақстан облыстық сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Айжан Слямбаева бар. Сонымен бірге, осы қатарға жақында бақилық болған жазушы Заман Төлеуовтің «Жарылқаудың жаңа түрі» шығармасы да ілінді. Сырқаттанып жүрсе де соны жанрға қалам тербеген Заман ағамыздың бұл соңғы шығармасы болғаны өкінішті...

Қай салада жүрсе де, өнерге, әдебиет пен мәдениетке жаны жақын азаматтар болады. Сондай азаматтардың бірі, қазақ әдебиетінің жанашыры Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятбековтің еңбегін айрықша атауға тиіспіз. Тұрысбек Ерболғанұлы байқауға келіп түскен әрбір шығармаға өз пікірін білдіріп, жеңімпаздарға арнайы жүлде тағайындады. Түркістан облыстық сотының жүлдесін алу құрметіне жазушы Көсемәлі Сәттібайұлы мен Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының маманы Әлия Байбатырова ие болды.

Бұл игі істен Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалы да қалыс қалмады. Белгілі журналист, облыстық мәслихат депутаты, филиал төрағасы Ғалымжан Елшібай одақ жүлдесін танымал қаламгер Алпысбай Әбділұлына тапсырды.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ерден Әріпов, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Рашид Аюпов, құқық қорғау органдарының басшылары мен сот төрағалары, БАҚ өкілдері, т.б. әдебиет сүйер қауым арнайы келіп қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын жеткізді. Президентіміз бұл хатында байқау ұйымдастырушыларына алғысын білдіріп, детектив жанрының жандануына ізгі тілегін жеткізген.

Салтанатты шарада кітап көрмесі ұйымдастырылып, Конгресс холдың кең залы әуезді ән мен сазды күйге көмкерілді.

Рухани орда рухымызды көтерді

Қазақ хандығы мен түркі әлемінің жүрегіне айналған Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгеніне үш жылдан асты. Санаулы уақыт ішінде киелі мекеннің ғарыштық жылдамдықпен түрленіп, құлпырғанының куәсі болдық. Әрине, бұл сапарымызға детектив жанрына тыңнан түрен салған тұңғыш қазақ Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы себеп болды. Байқаудың қазақ хандары мен билерінің, бахадүр батырларының, дүлдүл ақындарының, сондай-ақ, қасиетті әулие-әмбиелердің мәңгілік мекені Түркістанда өтуін жаратушының сыйы ретінде қабылдадық

Түйсіне білген адамға киелі мекен топырағына табаның тиюдің өзі бір бақыт. Оңтүстік өңірі ежелден қонақжай. Осы жолы олардың меймандостықтарына одан әрі көз жеткіздік. Облыстық соттың ұйымдастыруымен Түркістанның «төрт қақпасын» түгел араладық. Әлемнің сегізінші кереметі саналатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесін тамашалап, бабалар рухына тәу еттік.

Заманауи үлгіде жасалған кереметтерге көзіміз тойып, көңіліміз шалқыды.

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІН ДАМЫТУҒА АТСАЛЫСЫП, БАЙҚАУДЫҢ ӨТУІНЕ БІР КІСІДЕЙ ҚОЛДАУ БІЛДІРГЕН АЗАМАТТАРҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ФАРАБ КІТАПХАНАСЫ ҚАЗЫНАҒА БАЙ

Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев айтулы датаны тарихымыздағы тағылымды белестердің көрінісі ретінде елімізде және әлемдік деңгейде атап өту жөнінде арнайы шешім шығарған болатын. Соған орай Түркістан облысындағы кітапханаға «Фараб» есімінің берілуі әл-Фарабидің білім жолындағы ізденісін адамзат бойына дарытып, ізденімпаз өскелең ұрпақ тәрбиелеу және оқырман бойына ізгілік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталды.

Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауының жоғары деңгейде ұйымдастырылуына осы Фараб кітапханасының ұжымы да белсене атсалысты. Марапаттау рәсімінің Түркістанда өтетінін естіген Жанат Шардарбекова жетекшілік ететін ұжым конгресс-холлдың көрнекі жеріне Кемел Тоқаев шығармашылығынан мол мәлімет беретін бұрыш жасады. Онда қазақ детективінің атасы атанған жазушының кітаптары, берген сұхбаттары, жазған мақалалары, Кемел Тоқаев өмірінен сыр шерткен мазмұнды еңбектер жинақталған. Дәл осы бұрыштан Кемел Тоқаевтың бұрын жарық көрмеген сирек суреттерін де көруге болады.

Детектив шығармалар байқауының өз деңгейінде өтуіне тілектес болған Жанат Сәдібекқызы жетекшілік ететін ұжымға алғыс айтамыз.

САЙЫСТЫҢ БАСТЫ КЕЙІПКЕРІ – СУДЬЯЛАР

Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауының биылғы басты кейіпкері – түркістандық судьялар. Жобамызға қолдау көрсеткен Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятбеков өңірдегі шулы істердің үкімдерін жинақтап, сол бойынша деректі детективтер жазылса, әрі онда түркістандық судьялардың жұмысы, ізденісі көрсетілсе деген тілек айтқан болатын. Соған орай байқауға қатысуға ниетті жандарға көпшілік назарын аударған қылмыстық істердің үкімі ұсынылып, оларды қараған судьялармен тілдесіп, пікір алуға мүмкіндік жасалды. Қауырт жұмысының арасында уақыт тауып детектив жазуға ынталы жандардың меселін қайтармаған қазыларға алғысымыз шексіз. Қылмыстық істің қалай зерделенгені, ондағы оқиғаның қалай өрбігені туралы айтып, сотталушының бет-бейнесі мен мінезін барынша сипаттап, шығарманың заңмен ұндесуіне көмек берген судьялардың біліктілігіне байқауға қатысушылар да дән риза. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» жүлдегерлерді марапаттау рәсімінде өз ризашылығын білдіруді жөн көрді. Осылайша корпорацияның Алғыс хаты мен арнайы сыйлығына Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятбеков, Түркістан облысының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Қанатбек Қоңырбаев, Мақтаарал аудандық сотының төрағасы Құнанбай Мұсаев, Бәйдібек аудандық сотының төрағасы Ермек Қарақұлов, Қазығұрт аудандық сотының төрағасы, Ілияс Тоғызбаев, Кентау қалалық сотының судьясы Айжамал Кененбаева, Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Қасым Қалмағамбетов, Түлкібас аудандық сотының төрағасы Маратәлі Бекназаров, Жетісай аудандық сотының судьясы Мұхтар Жолдасбеков, Арыс аудандық сотының төрағасы Сапархан Умаров, Мақтаарал аудандық сотының судьясы Марат Ырсымбетов ие болды.

Төрелік алаңында еңбек етіп жүрген барша судьяның таразысы тең тартып, абырой биігінен көріне берсін!

ПАЙЫМ

СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МАҢЫЗДЫ

Құқықтық мемлекетімізде заңды білу, сыйлау және құрметтеу – парыз. Өзіміз еңбек ететін департаментте және оның құрамындағы түзеу мекемелерінде осы тәртіпті сақтау біздің азаматтық парызымыз, әрі міндетіміз. Сондықтан, бас бостандығынан айырылып, қылмыстық жазаларын өтеп жатқан тұлғалардың заңдық құқықтарын қатаң сақтау режимін нығайтып, оларға көрсетілетін медициналық қызметті жақсарттық.

Игілік ХАСЕНОВ,
Алматы облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет полковнигі

Коммуналдық және тұрмыстық сала қызметімен қамтамасыз ету қалыптасқан тәртіп негізінде жүргізілуде. Жалпы, Талдықорғандағы ЛА-155/16 тергеу изоляторында – 247, Жауғаштыдағы ЛА-155/4 орта қауіпсіздіктегі колонияда – 521, Заречныйдағы қатаң режимдегі ЛА-155/8 түзеу мекемесінде – 769, ЛА-155/12 қатаң режимдегі түзеу мекемесінде – 902, жалпы режімдегі 155/14 колониясында –940, Заречныйдағы қауіпсіздігі төмен ЕС-164/4 колониясында – 206 тұлға жазаларын заң шеңберінде өтеуде. Оларды туыстарымен, тағы басқа таныстарымен кездестіру, келушілер әкелетін азық-түлікті алуларына рұқсат беру белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Сөйтіп, азаматтардың конституциялық құқығы түрмелерде де заңнама аясында қорғалады. Әрине, заңнамаға сәйкес әр тұлға жіті тексеріліп, түзеу мекемесіне қайта кіргізілетіні тағы бар. Міне, сондай ұрымтал сәттерде түрлі келеңсіздіктер орын алатыны жасырын емес. Қалай десек те қылмыстың аты – қылмыс. Қылмыс абайсызда және қасақана жасалатыны тағы мәлім. Бейнекамераларда сотталушылардың да, олармен кездесуге келген адамдардың да әр қадамы, тіпті қимылы айқын көрініп тұрады. Бірақ адамдар өз ойлағанын іске асыруға талпынып бағады. Ондайда біздің қызметкерлеріміз қол қусырып, қарап отырмайды. Сотталушылардың заңмен тыйым салынған заттарды түзеу мекемелеріне жасырын кіргізуіне, сол затты пайдаланып қылмыстық әрекеттер жасауына жол бермейтінін әркімнің білгені дұрыс. Соңғы уақытта колонияларда қылмыс қана емес, өзге де төтенше жағдайлар орын алып, артынша ашылып жатқаны соның айқын дәлелі.

Заман ағымына сай әрекет етіп, түзеу мекемелеріндегі тұрақтылықты сақтау мақсатында департаменттегі жедел қызмет саласы қызметкерлері ұлттық қауіпсіздік және құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істеуде. Биыл барлығы 17 қылмыс тіркелді. Соның үшеуін департаментімізде құрылған жедел қызмет саласы ашып отыр. 14 қылмыстық түзеу мекемелері әкімшіліктер жіберген кемшіліктер салдарынан орын алған. Статистикалық мәліметке сүйенсек, мекемелердегі жалпы криминогендік жағдай былтырғыдан өскен. Ал, ағымдағы жылдың он айында қылмыс саны 22-ден 14-ке төмендеді. ҚР ҚК 296-бабы «Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу» бойынша 1 факт ЕС-164/4 түзеу мекемесінде ашылса, тағы бір заңсыздық ҚР ҚК 428-бабы «Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау» ЛА-155/16 түзеу мекемесінде орын алды. Қылмыстық кодекстің 429-бабы «Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына не өміріне қол сұғу» фактісі ЛА-155/16 түзеу мекемесінде ашылды. Сонымен қатар ЛА-155/14 колониясында ҚР ҚК 99-бабы «Адам өлтіру», 190-бабы «Алаяқтық», 191-бабы «Тонау» үш факт орын алды. Қылмыстық кодекстің 427-бабы «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару» бойынша он бір дерек ЕС-164/4 түзеу мекемесінде тіркеліп, ашылды.

Негізі қандай да бір қылмысты жедел ашып, бұлтартпайтын факт бейнебақылау камераларынан алынатыны мәлім. Өкінішке орай облысымыздағы түзеу мекемелеріндегі 1512 бейнебақылау камераларының 55% жарамсыз болған еді. Темір тордың ішінде деп салғырттық танытпай оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында бұл қажеттілікті жедел шешуге әрекет етіп, қосымша 982 дана бейнебақылау қамераларын орнатуды тиісті орындар назарына ұсынған едік. Бүгінгі таңда түзеу мекемелерінің жалпы есебіндегі бейнебақылау камераларына қосымша 547 дана бейнекамера орнатылуда. Өзекті мәселені айту бар да, оны заң шеңберінде ретімен шеше білу тағы бар емес пе?! Жүктелген жауапкершілікті жете сезініп, қылмыстың жолын кесу үшін жазасын өтеп отырған тұлғалармен әлеуметтік-психологиялық және тәрбие жұмыстарын жүргізудің де маңызы зор. Орынбасарлар мен жұмыстағы психологтар бірлесіп, ақылдаса отырып түзеу мекемелеріндегі тәртіпке терең талдау жасады. Тәртіп бұзушылық өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 100 тұлғаға артса, сотталушылар арасында 38 пайызға көбейіпті. Әрине, себепсіз салдар болмайды. Қазақта «Бұлақ басынан тұнады» деген жақсы сөз бар. Талдықорған қаласындағы және Іле ауданының Заречный, Жауғашты ауылдарында орналасқан түзеу мекемелері басшылық құрамымен, қатардағы қызметкерлерімен кездесулер өткізіп, колонияларды аралап көрдік. Әңгіме барысында әрқайсысының білімі мен тәжірибесіне қоса ойлау деңгейін, іскерлігін байқадық. Сотталушылардың жағдайы да тексерілді. Заңдылықтың сақталуы, сөз бен істің қабысуы басты талап болды. Нәтижесінде ағымдағы жылдың қыркүйегінен бері атқарылған жұмыстарды сараптау барысында оң өзгерістер айқын байқалды. Айталық, былтырғы қыркүйекте 102 тәртіп бұзушылық орын алса, биыл бұл көрсеткіш 63-ке төмендеді.

Жалпы, Ішкі істер министрлігінің 2019–2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бойынша сотталғандардың 55% еңбекпен қамтылуы тиісті болса, біз бұл тапсырманы 59% көтеріп, 1285 адамды жұмысқа орналастырдық. Мұны да адам құқығын қорғаудың жарқын жолы деп түсінген дұрыс. Бүгінгі таңда түзеу мекемелерінде сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылып, «Сен қоғамға керексің» ресоциализациясы, «Түрме мекенін азайту жөніндегі 10 шара» және түзеу мекемелеріне бизнес құрылымдарын енгіруді қарастырған «Колонияларда еңбекпен қамту – 2021» жобасы жасалып, ерекше назар аударылуда.

Сөз реті келгенде тағы бір айта кетер жайт – сотталушылардың болашаққа сенімін арттыру мұсылман және христиан діндері арқылы да заңнама шеңберінде жүйелі түрде жүргізілуде. Нәтиже жақсы. Биыл имамдар 419 рет ақпараттық-түсіндіру шарасын өткізді. Бұл өткен жылдан 40 кездесуге артып, темір торда отырғандардың 98,5 пайызын қамтыды. Діни ағымдарға қатты беріліп бір діннен екінші дінге өтуге азғыруға, уағыздар жүргізуге қатаң тыйым салынды. Әркім өз қалауымен, ата-баба дәстүрімен жүруде.

Департаментімізде барлығы 1051 адам қызмет істейді. Қатардағы және кіші, орта басшылық құрам, шаруашылық қызмет көрсету саласы болып бөлінеді. Биыл 47 адам қызметке, 42 адам тәжірибеден өтуге қабылданып, 5 адам бұрынғы қызметіне қайта орналасты. Сонымен қатар, Алматы облысы бойынша және басқа облыстардағы ҚАЖД яғни, әріптестер арасындағы қалыптасқан ауысым бойынша 38 қызметкер іссапарға жіберіліп, 42 қызметкер сол өңірлерден келіп қызметтерін жалғастыруда.

Жалпы, облыс аумағында 21 аумақтық пробация қызметі бар. Он айлық есеп бойынша 6788 сотталушы осы сала есебінде тұрады. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 442 адамға артық. ҚР Ішкі істер министрлігі тарапынан атқарылып жатқан қыруар жұмыстың бірі ретінде осы пробация қызметін айтуға болады. Алматы облысы бойынша пробация қызметінде есепте тұратындарға биыл да әлеуметтік-құқықтық көмектер көптеп көрсетілді. Ағымдағы жылы барлығы 5849 сотталған тұлғаға әлеуметтік-құқықтық қолдау жасалды. Олардың 1823 тегін дәрігерлік емдеуден өтсе, 3305 психологиялық көмек алды. 7 адам арнаулы орта білім алып, 642 адам жұмысқа орналастырылды. Мұның сыртында «Еңбек» атты 2017–2021 жылдарға арналған жалпылама кәсіпкерлік және азық-түлікпен қамтуды дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында есепте тұрған 22 адам оқытылып, 14-і қайтарымсыз шағын несие алды. Талдықорғанда өткізілген «Екінші мүмкіндік» байқауы аясында сотталушылар арасынан 3 жеңімпаз дара шығып, әрқайсысы 1 млн теңгеден сыйақы алды. Жеңімпаздардың қуанышы өз алдына. Ең бастысы темір торда жазасын өтеп келгендердің дұрыс өмірге екінші мүмкіндік алғандары болды. Қаржылық мәселеге келсек, ағымдағы жылдың қарашасына 3 млрд 318,3 млн теңге департаментіміз бен оның құрылымдары қажеттіліктеріне бөлінген еді. Осы қаражаттың 99,4% еңбекақы қоры, қызметкерлерді іссапарларға жіберу, міндетті автокөлік қауіпсіздігі, жанар май, азық-түлік, медицина тағы басқа салаларға аударылып игерілді.

Алматы облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты мемлекеттік мекемелер аумағында 40 жеке кәсіпкерлік субъектісі әрекет етеді. Осы құрылымдарға 586 сотталушы жұмысқа орналастырылды. Жалпы, Ішкі істер министрлігінің 2019–2023 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бойынша сотталғандардың 55% еңбекпен қамтылуы тиісті болса, біз бұл тапсырманы 59% көтеріп, 1285 адамды жұмысқа орналастырдық. Мұны да адам құқығын қорғаудың жарқын жолы деп түсінген дұрыс. Бүгінгі таңда түзеу мекемелерінде сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылып «Сен қоғамға керексің» ресоциализациясы, «Түрме мекенін азайту жөніндегі 10 шара» және түзеу мекемелеріне бизнес құрылымдарын енгіруді қарастырған «Колонияларда еңбекпен қамту 2021» жобасы жасалып, ерекше назар аударылуда. Сондықтан кәсіпорындарға сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін қосымша жұмыс орындарын ашу бойынша департаментімізде нақты шаралар қабылданды. Біздің ұсынысымызбен ЛА-155/8 түзеу мекемесінде шағын және орта бизнес өкілдері үшін «Ашық есік күні» өткізілді. Шараға Қапшағай қаласының әкімі, салалық бөлімдері басшылары, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалы директоры, сондай-ақ «Еңбек-Жауғашты» РМК басшылары шақырылып қатысты. ЛА-155/14 түзеу мекемесіне «AstanaSolidWest» ЖШС және «Абдуакбар» ЖК өкілдері шақырылып, өндіріс орындары үшін мүмкіндіктер көрсетілді. Кәсіпкерлердің негізгі идеясы кулинариялық өнімдер, ағаш бұйымдары, сонымен қатар болашақта шикізатты қайта өңдеу өндіріс орындарын ашу болды. Бүгінгі күні бірнеше тігін цехтары, жиһаз цехы жұмыс істеп тұр. «Еңбек-Жауғашты» РМК араласуымен тағы бір жеке кәсіпорын «RST Group» ЖШС ашылды. Бұл кәсіпорын люцерн қоспаларымен тамақ қалдықтарын қайта өңдеп, үй жануарлары үшін құрғақ өнімдер шығарады. Жеке кәсіпкерлік үшін барлық жағдайлар жасалған ЛА-155/8 түзеу мекемесінде «Рахимжанов» ЖК ашылды. Негізгі мақсатымызға жету үшін департамент ғимаратында кәсіпкерлермен «Дөңгелек стол» өткіздік. Онда сотталғандар қолдарымен жасалған түрлі бұйымдар көрмесі ашылып, кәсіпкерлерге түзеу мекемелерінде бос тұрған ғимараттар жайлы мағлұмат молынан берілді. Кәсіпкерлер тарапынан қызығушылықтар туып, сантүрлі сұрақтар қойылып, қанағаттанарлық жауаптар қайтарылды. Нәтижесін біртіндеп көрудеміз.

КОДЕКС

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Даму-дамайда әлеуетті әлсіз тарапты қорғауға арналған әкімшілік әділет құрылымы әлем елдерінде басты рөлге ие. Осы ретте тарихтың алтын қойнауына үңілсек, аталған институттың іргетасы Еуропа елдерінде біраз уақыт бұрын қаланғанын көреміз. Ал біздің елімізде әкімшілік әділет құрылымының тәжірибеге еніп, қабылдануы тарихи оқиға, заң үстемдігін орнатуға бағытталған маңызды қадам.

Мемлекет басшысы биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында құқық қорғау жүйесіндегі елеулі деген өзгерістерге тоқталып, әкімшілік әділет институты мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастыратын, сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда екенін, заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілгенін атап өтті. Елімізде ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің күшіне енгеніне жарты жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында сотқа жүгінген адамдар мен кәсіпкерлердің жартысынан астамы өз талаптарының дұрыстығын дәлелдеп, мемлекеттік органдардың актілерінің заңсыз шығарылғанына соттың көзін жеткізе білуі әкімшілік әділеттің тиімділігін көрсетсе керек. Сондай-ақ, бүгінде өңір бойынша сот орындаушыларының әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау, мемлекеттік сатып алу саласы, жер және салық даулары жиі қаралуда.

Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін істің қатысушылары. Ал әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Сондай-ақ, әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Атап айтсақ, заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығының қағидаты, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі, әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі, сот актілерінің міндеттілігі. Кодекстегі басты жаңашылдық әкімшілік сот ісін жүргізудің соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылуы. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қоймайды, яғни әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар деген барлық нақты мән-жайды толық және объективті түрде зерттеп, зерделей түседі. Аталған кодексте сотқа даудың мән-жайын анықтауға мол мүмкіндік беріліп отыр. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға да құқылы.

Заң нормаларын қолданудың бірыңғай практикасын қалыптастыру мақсатында судьялар салмақты семинарларға қатысып, белсенді түрде біліктілігін арттыруда. Себебі, жеке тұлғаның мүддесін мүлтіксіз қорғау қазылардан әркез терең білімді талап етеді. Сонымен қатар, осы жарты жылдың ішінде Маңғыстау облыстық соты мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Маңғыстау облыстық филиалы, әкімшілік сот пен жеке сот орындаушыларының Маңғыстау облыстық палатасы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қорыта айтсақ, теңсіздікті жоюдың тиімді тетігі қамтылған әкімшілік әділет институты мемлекеттік орган ұсынған қызметтің ашықтығын одан әрі арттырып, жария-құқықтық дауды шешудің нақты тәртібін белгілеп, сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын нығайта түспек.

Бағдат БАЙҒОЖАЕВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

№103 (3428)
28 желтоқсан 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аян ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ, Алматы облысы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының басшысы:

«ХАЛЫҚ КЕЛІП, КЕТКЕНДІ ЕМЕС, ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ»

ӨМІРДЕРЕК

Аян Тәңірбергенұлы Қасымберкебаев 1979 жылы Алматы облысында дүниеге келді. 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын үздік бітіріп, еңбек жолын Алакөл аудандық сотында бас маман болып бастады. 2002 жылдан Алматы облыстық әділет басқармасында, Алматы қалалық әділет департаментінде, ҚР Әділет министрлігі лицензиялау бөлімінде бас маман қызметін атқарды. Алматы қалалық жылжымайтын мүлік орталығында бас маман, Әуезов ауданында сот орындаушысы, Алматы қалалық соттар әкімшісі қызметін істеді. Алматы облысының Іле ауданында аға сот орындаушысы болып еңбек етті. 2018 жылдан Алматы облыстық өңірлік жеке сот орындаушылар палатасының басшысы лауазымын атқарып келеді.

«Қазақстандағы жеке сот орындаушылары институтына 10 жыл», «Атқарушылық құжаттарды орындау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» мерекелік медальдарымен және «Атқарушылық құжаттарды орындау жүйесінің құрметті қызметкері», «Әділет органдарының үздігі» төсбелгілерімен марапатталған.

– Аян Тәңірбергенұлы, алдымен өзіңіз басқарып отырған өңірлік палатаның төл міндетін атап өтсеңіз.

– Заңнамаға сәйкес жеке сот орындаушылар палатасына коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын, жеке сот орындаушыларының қызметін үйлестіретін және олардың жұмысын бақылап, ұйымдастыру функциясы берілген. Жеке сот орындаушылары республикалық палатасы жарғысының 2-бабында Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңына қайшы келмей жұмыс істейтініміз және салық кодексінде қосымша басымдықтарымыз жазылған.

– Жеке сот орындаушылар қызметі қалай бақыланады?

– Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы біздің саламыздағы негізгі басшы болып табылады. ҚР Әділет министрлігі біздің өкілетті органымыз болып саналып, жұмысымызды бақылап отырады. Заңнамаға сәйкес екі кезеңнен тұратын сынақтан, яғни, компьютерлік тестілеуден және әңгімелесуден өткен үміткерлерге Жеке сот орындаушы ретінде лицензия беріледі. Алматы облысында Аманжол Абдрахманов басқаратын әділет департаменті осы жұмысты жүргізіп отыр.

Өңірлік палатамыздың ішкі жұмысында жауапкершілікті арттыру үшін Ар-намыс кодексіне сүйене отырып, арнаулы бұйрық шығарып, Алматы облысы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының тәртіптік комиссиясын құрдық. Мақсат – жеке сот орындаушыларының төл міндетін мінсіз атқаруына жол ашумен бірге қызметтік этиканы сақтап, тараптарға ілтипат таныта отырып, мәдени жақсы қарым-қатынас орнатуына ықпал ету. Тәртіптік комиссия бес адамнан тұрады. Онда еңбек заңдылығы бойынша қызметкерлеріміздің жұмыс істеу тәртібі қаралады. Тәртіп бұзған, үстінен қандай да бір шағым түскен жеке сот орындаушысына ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс беру секілді тәртіптік жазалар қолданылады. Сөз реті келгенде айта кетсем, облыстық палата бастығы лауазымына кандидатурамды республикалық палата бекітті.

– Мемлекеттік сот орындаушы мен жеке сот орындаушылар қызметінде айырмашылық бар ма?

– Негізі сот шешімдерін орындаушылар мемлекеттік және жеке сот орындаушылары болып екіге бөлінеді. Мемлекеттік сот орындаушылар тікелей Әділет департаментінің құзырында жұмыс істейді. Олар өз ауданы аумағынан аспай, соттар шығарған шешімдерді мемлекеттік мекемелерден өндіреді және тәркілеу міндетін жүзеге асырады. Мемлекеттік және жеке сот орындаушылары да сот шешімдерін орындап, өндірудегі мерзім бірдей. Мемлекеттік сот орындаушылары бүгінгі күнге дейін 90 пайызға қысқарған. Мысалы бір кезде Алматы облысында 120 мемлекеттік сот орындаушысы болса, бүгін оншақты қызметкер ғана қалды. Екіншіден, тәркілеу әрқашан мемлекет пайдасына шешілгені белгілі. Яғни, тәркілеу жеке сот орындаушы құзырымызға кірмейді. Үшіншіден, мемлекеттің пайдасына 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы орындай алмаймыз.

Жеке сот орындаушылары жұмысының артықшылығы да бар. Айталық жеке сот орындаушысы бір қала, ауданмен шектелмей, облыс шеңберінде жұмыс істей алады. Керек болса кейбір жағдайларда заң шеңберінде келісе отырып республикалық масштабта әрекет етеді. Райымбек ауданында екі жеке сот орындаушысы болса, Қарасай ауданында 45 қызметкер бар. Бірақ компьютерге келіп түсіп, автоматты түрде бөлінетін іс санына қарай бір аудандағы жеке сот орындаушысы екінші ауданға жіберілмейді. Жалпы, жеке сот орындаушылар мемлекеттің пайдасына шығарылған шешімдерді іс-жүзіне асыру өндірісін орындаумен қатар тұрғын үйден көшіру, заңсыз тұрғызылған тұрғын үй, сарай, қоршауларды күреп жою, ата-аналық құқығынан айырылған тұлғалардан сәбиді тартып алып балалар үйіне немесе заңды өкіліне беру, заңсыз жұмысынан шығарылған тұлғаларды жұмысына қайта орналастыру секілді мүліктік емес өндірістерді, яғни барлық деңгейдегі сот шешімдерін орындаймыз. Сонымен қатар нотариустардың Үкімет бекіткен арнаулы үлгіге сай атқару жазбаларын да орындаймыз.

– Ол қандай жазбалар?

– 2019 жылғы өзгерістерге сәйкес сот жұмысын жеңілдету немесе оңтайландыруға байланысты даусыз материалдарды, нақтылай түссем кепілсіз несиелер бойынша нотариустар атқару жазбаларын жазуда. Міне, сол жазбаларды заңнама шеңберінде іс-жүзіне асырып, орындаймыз. Осы уақытқа дейін нотариустар жұмысында мұндай жазба жоқ болатын.

– Бұл тетік қандай заңға сәйкестендірілген?

– Бүгінгі уақытта борышты өндірудің барынша кеңейтілген тәсілі сот тәртібін қолдану болып табылады. Қазақстан Республикасының «Кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес берешекті өндіріп алу бойынша нотариустың атқару жазбасын орындау жүктелді. Нақтылай түссем, «Нотариат туралы» заң 14-1-тараумен «атқару жазбаларын жазу» деп толықтырылды. Сондай-ақ, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 9-бабы, 1-тармағы «Атқарушы» деген тармақшамен толықтырылды.

– Ел сеніміне кіріп, қызмет беделінің артып келе жатқанын өмір көрсетуде. Жеке сот орындаушылар жұмысын жетілдіру үшін қандай шаралар қолға алынуда?

– Сот шешімдерін орындау Қазақстанда сот-құқықтық реформаларын дамытудың негізгі факторының бірі болып табылады. Аумақтық палатамызда жеке сот орындаушылары әрекеттеріне жыл сайын талдау жасап отыру дәстүрге айналды. Нәтиже жақсы. Атқару өндірісінің алдына қойылған бірінші кезектегі тапсырма – өкілетті органның қаулылары мен актілерін, анықтауларын және сот шешімдерін өз уақытында әрі міндетті түрде орындау болып табылады. Бүгінгі таңда облыс бойынша 172 жеке сот орындаушысы әрекет етеді. Олар барлық аудандарды қамтып, штаттық режиммен жұмыс істеуде. Сот шешімдерінің сапалы әрі дер кезінде орындалуы сот жүйесі тиімділігінің және тәуелсіздігінің кепілі болып табылатыны тағы бар. Барлық сала бойынша миллиардтаған соманы орындауға тиісті болғандықтан жеке сот орындаушыларына атқару өндірісі үлкен салмақ салатыны рас.

– Алимент өндіру – қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Алимент өндіру өндірісін атқару бойынша жеке сот орындаушыларына 25 мың 432 құжат түсті. Сол құжаттар шеңберінде 456 борышкер жұмыспен қамту орталығына жіберіліп, 49 тұлға жұмысқа орналасты. 143 тұлғаның жүргізушілік куәлігінің күші тоқтатылды. Жеке сот орындаушылар ұсынымымен 297 борышкерге іздеу жарияланды. 262 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша 14 материал жіберілді.

– Жеке сот орындаушылар жұмысына көңілі толып, алғысын айтушылар уақыт өткен сайын көбеюде. Сенімді нығайту үшін тағы қандай жұмыстар қолға алынбақ?

– Бұрын таңдау мемлекеттік сот орындаушылар мен жеке сот орындаушыларын салыстыра отырып жасалатын еді. Қазір көптеген функция жеке сот орындаушыларына берілді. Жеке сот орындаушыларының келісіммен 3-25 пайыз аралығында пайда табу мүмкіндігіне ие болатыны Үкімет қаулысымен бекітілген. Алимент өндіруден ешқандай ақы алынбайды. Бірақ қарыз ірі мөлшерде жиналса, оны қаулымен анықтап, заңнамаға сәйкес бекітіп, келісіммен пайыздық ақы аламыз. Ол пайыз тек борышкерден өндіріледі. Осылайша қызметкерлерді де ынталандырып, жұмысты да ақсатпау жағын ойластырып жатырмыз.

– Міне, сиыр жылы өтіп барады. Кіріп келе жатқан барыс жылында әріптестеріңізге айтар тілегіңіз?

– 2021 жыл сәтті, табысты жыл болды. Бұл жыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келгендіктен мемлекеттің маңызын арттырып, беделін көтеретін іс-шаралар жүзеге асырылды. Алдағы жылы да тосылып қалмасымыз анық. Халыққа заңнама шеңберінде көмектесіп жүрген әріптестеріме жаңа жыл табысты, өнімді, нәтижелі болса деймін. Құқықтық мемлекетімізде жеке сот орындаушыларының төл міндеттерін мінсіз атқаратынына сенемін!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

СОТ САЛАСЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ТОЛЫ

Тәуелсіздік алған отыз жыл айтулы оқиғалардан кенде емес. Мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі толағай табыстарымызды санамалаудың өзі артық. Осындай ілгері қадамдар елімізді әлемдегі озық отыздыққа іліндірсек деген асыл арманға ұласқанына баршамыз куәміз. Ал мұндай маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін елімізде ең алдымен бейбітшілік орнап, ынтымақ салтанат құрып, барша халықтың көздегені бір жерден табылуы керек.

«Ізденген жетер мұратқа» демекші, мемлекеттің даму бағдарламасының өзегі осы болғандықтан, әрбір сала бүгінде Қазақстанды озық елдер қатарына қосу бойынша жаңашыл жұмыстар жүргізуде. Өйткені еліміз әлемдік рейтингтегі мықты мемлекеттер сапына қосылсын десек, өзіміз қызмет ететін сала да сол үдеден табылуы міндет. Бұл сот саласындағы ізденістер мен іркілістерді қайта салыстырып, жаңаша қызмет етуге итермелегені рас. Әсіресе, жаңа технология, цифрлық сала жетістіктерін енгізу отандық соттың бет-бейнесіне үлкен өзгеріс әкелді. Жаңа технология – ашықтық, жеделдік, қолжетімділік қағаидаларына негізделген.

Бұрын арыз-шағымдарды қашықтан жолдау, материалдар мен арыз-шағымдарды судьяларға автоматты түрде бөлу азаматтардың үлкен таңданысын тудыратын. Енді жаңа технология сот актілерінің «ақылды» сақтау орнын қалыптастырып отыр. Мұның сот саласына да, азаматтарға да берері мол. Сот өндірісінің толықтай электрондық жүйеге көшуі әр судьяның өз шешімін электронды түрде рәсімдеуіне жол ашты. Ал мұны сырттай бақылау оңай. Сәйкесінше материалды түскен сәтінен бақылау арқылы істің қаралауына, процессуалдық мерзімнің сақталуына, сот жүктемесіне, істің санатына қатысты мәліметтерді дер кезінде біліп, қатені жөндеуге болады. Цифрлы сот сараптамасының енгізілгеніне де көп бола қойған жоқ. Бірақ судьяларға тиімді, пайдалы болғандықтан бұл жобаға деген сұраныс қазірдің өзінде жоғары. Олай дейтініміз, цифрлы сот сараптамасы жобасының көмегімен ортақ базада сақталған 3 млн-нан астам орындалған сот актілерінің мәтінін табуға болады. Бұл судьяларды қателіктен сақтандырып, тәжірибесін шыңдауына, уақытын үнемдеуіне көмектеседі.

Судьяның жұмысын жеңілдетуде де цифрлық жаңашылдықтардың пәрмені айрықша. Биыл сот актілерін мемлекеттік тілде дайындаудың үлгісі қолымызға тиді. Бұл судьяларға өз шешімі мен үкімін қазақ тілінде сауатты, түсінікті жазуға көмектеседі. Ал өтініштерді онлайн-құрастырушы деп аталатын тағы бір жаңа жоба судьяның интеллектуалды көмекшісі іспеттес. «Судьяларға көмек модулі» арқылы біз жазаның түрі, түзеу мекемесінің типі, қылмыстың қайталануы, татуласу және шартты соттау мүмкіндіктері туралы жедел біле аламыз. Мұндай көмек әрбір судьяның өзі қараған іс бойынша республикаға ортақ тәжірибемен танысуына, осы арқылы уақытын үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Сот өндірісін роботтандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың да ауқымы кең. Адам тағдырына қатысты істердің робот арқылы қаралуы халықтың түсініспеушілігін тудыруы мүмкін. Шын мәнінде бұл сот қарауынсыз шешілетін даусыз материалдарды жедел реттеуге бағытталған. Бүгінде роботтандыруды әрі қарай жалғастыруға әлеуетті материалдар мен істердің санаттары сарапталуда. Бұл судьяларды күнделікті қаралатын қыруар істен босатып, сот қателіктерінің алдын алуға көмектеседі.

Н.КАЛИЕВ,
Алматы қаласы Наурызбай аудандық сотының судьясы

ПІКІР

БАТАЛЫ ЕР АРЫМАС

Ғалым БОЛАТҰЛЫ,
Алматы облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

«Алғыс алған жігіттің аты бәйгеден келеді», «Бота алғанша, бата ал» дегенді бабаларымыз тегін айтпаған. Бұл тәпсір елге қызмет етіп жүрген барша жанның күндіз-түні қаперінде жүруі тиіс, жазылмаған заңдылық. Сол қатарда өзім қызмет атқаратын жеке сот орындаушылар қызметі де бар.

Жеке сот орындаушылар институты – сот, әділет, құқық қорғау саласындағы соңғы реформалар нәтижесінде қолға алынған бастаманың бірі. Оның мақсаты сот актілерінің дер кезінде, мінсіз орындалуын қамтамасыз ету. 2009 жылдың тамыз айында Елбасы мемлекеттік сот саласына жеке сот орындаушылары институтын енгізу туралы жарлыққа қол қойды. 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында да жеке сот орындаушылары институтын енгізу туралы айтылды. Онда «Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады, сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет. Осыған байланысты мемлекеттік сот орындаушылармен қатар жеке сот орындаушыларының институтын енгізу – сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыратын маңызды шара. Сот шешімдерін орындаудың аралас моделі шеңберінде мемлекеттік сот орындаушылар мемлекеттен өндіріп алу жөніндегі құжаттарды мәжбүрлеп орындату құқығына ие болуға тиіс», – делінген. Сонымен қатар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасында бұл мәселеге айрықша тоқталды. Міне, осы міндеттеменің барлығы жаңа институт іргесінің қаланып, бір ізге түсуіне оң ықпалын тигізді.

Сот шешімінің өз деңгейінде орындалмауы бұған дейін атқарылған құзырлы орындар қызметіне селкеу түсіреді, мемлекеттік қызметтің сапасына күмәнді қоюлатады. Ал мұның соңы халық пен билік арасын ажыратып, азаматтардың сенімін төмендетеді. Өйткені, сот актісі қолына тигенге дейін азаматтар қаншама мекеменің көмегіне жүгінеді. Егер сот шешімі заңды түрде орындалмаса, осы кешенді жұмыстың барлығы жоққа шығады. Міне сондықтан да сот актілерін бұрынғыдай тек мемлекеттік сот орындаушыларының мойнына артып қоймай, оларға балама ретінде жеке сот орындаушылар қызметке кірісті. Өз табысы атқарған сот актілерінің санына, сапасына байланысты болғандықтан жеке сот орындаушылар әр ісіне терең мән беріп, жауаптылықпен жұмыс жүргізуге күш салады. Жауапты атқарылған жұмыс азаматтардың ілтипатына ие етеді.

САРАП



МЕМЛЕКЕТ ІСІ БЕРЕКЕЛІ БОЛСА – ЕЛГЕ ҚҰТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа орналастыру кезінде жұмыссыз жастарға, NEET санатындағы жастарға, сондай-ақ денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарда студенттерге басымдық беріледі. ХЖҚО қажет болған жағдайда инфрақұрылымдық жобаға жұмысқа орналастыруға кепілдік бере отырып, тиісті жұмыстарды орындау үшін жұмыс беруші-мердігердің/қосалқы мердігердің/ өтінімдері бойынша кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді

ХЖҚО бағыттары бойынша жұмысқа орналасқандардың жалақы мөлшері салықтарды, әлеуметтік төлемдерді және экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескере отырып, ең төменгі жалақының кемінде екі мөлшері (85 мың теңге) деңгейінде белгіленеді.

«Еңбек» бағдарламасына қатысқандар саны – 629

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушыларының саны 11 айда 629,3 мыңнан асты. Оларға 764,7 мың жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары көрсетіліп, 470,2 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның 359 мыңы тұрақты жұмыс. Бағдарламаның бірінші бағыты аясында қысқа мерзімді курстарға 16,9 мың адам, ТжКБ бойынша оқуға 15 мың адам жіберілді. 8,4 мың адам өз ісін ашу үшін жеңілдікті микрокредиттер, ал 28,2 мың адам қайтарымсыз мемлекеттік грант алды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 177,8 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде: әлеуметтік жұмыс орындарына 18,2 мың адам; жастар практикасына 26 мың адам; қоғамдық жұмыстарға – 133,5 мың адам орналасты.

Еңбек ресурстарының ұтқырлығы шеңберінде 2 092 отбасы немесе 7 016 адам қоныс аударды, оның 2 610-ы еңбекке қабілетті жастағылар. Олардың 2 067-сі жаңа тұрғылықты жерінде тұрақты жұмысқа орналастырылды және 172-сі кәсіпкерлік қызметпен айналысады, ал жетеуі оқуға жіберілді.

2020 жылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына 649 мың адам қатысып, 437,3 мың адам жұмысқа (оның 319,2 мыңы тұрақты жұмыс) орналастырылған. Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға 12,7 мың микрокредит және жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 44,9 мың қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді. Қысқа мерзімді оқыту курстарына 18,7 мың адам жіберіліп, ТжКБ ұйымдарында оқытумен 18,4 мың адам қамтылды. Бұдан басқа, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден құрамында 5,8 мың адам бар 1,8 мың отбасы қоныс аударды.

1 млнға жуық адам атаулы әлеуметтік көмек алды

1 желтоқсандағы жағдай бойынша 198,1 мың отбасындағы 988,8 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалды. Биыл осы мақсатқа бюджеттен 68,5 млрд теңге бөлінген. АӘК отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына тағайындалады. АӘК көрсетудің жаңа тетігін іске асыру шеңберінде еліміздің барлық өңірінде табысы аз отбасылардың мектеп жасына дейінгі балаларын кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. 1 желтоқсанда АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 265,1 мың балаға азықтүлік және тұрмыстық химия жиынтығы түрінде әлеуметтік топтама тағайындалды. АӘК алушыларға ТЖ тәртібі мен карантиндік шектеу шараларының қолданылуына байланысты 2020 жылғы II-IV тоқсандарда, сондай-ақ 2021 жылғы I-II тоқсандарда көмек тағайындау ұзартылды.

Көпбалалы отбасылар жәрдемақыларға ие болды

11 айда көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдерімен орта есеппен 446,4 мың отбасы жалпы сомасы 261,7 млрд теңгеге қамтылды. Оған 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері балалардың санына байланысты сараланып төленеді және 2021 жылы 4 балаға – 46 760 теңгені, 5 балаға – 58 457 теңгені, 6 балаға –70 154 теңгені, 7 балаға – 81 852 теңгені, 8 балаға – 93 344 теңгені, 9 балаға – 105 012 теңгені, 10 балаға – 116 680 теңгені құрайды. Көпбалалы отбасыларға олардың кірістерін есепке алмай берілетін жаңа мемлекеттік жәрдемақы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты шеңберінде енгізілген болатын.

1 желтоқсандағы жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны – 520,8 мың адамды, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 161,9 мың адамды құрады. Мүгедектік және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері мүгедектік тобына және себебіне, қайтыс болған асыраушысының асырауындағы адамдар санына, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңында белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына байланысты болады. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша мүгедектік жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 49 198 теңгені, асыраушыдан айырылу жағдайында 46 050 теңгені құрады.

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жұмысқа тұрғандар көбейді

266 мыңнан астам мүгедектігі бар адам Әлеуметтік қызметтер порталы (Портал) арқылы оңалтудың техникалық құралдарын (ОТҚ), 6 мыңнан астам ымдау тілі қызметтерін, 33 мыңнан астам жеке көмекшінің қызметтерін, 55 мыңға жуығы санаториялық-курорттық ем алды. Сондай-ақ, портал арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтамаларға 210 мың тапсырыс рәсімделді. Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды. Бүгінгі күні порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 795 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 157 ОТҚ жеткізуші, 15 мыңнан астам жеке көмекші, 262 ымдау тілін қызметін, 79 санаторлық-курорттық емдеуді, 135 кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы жеткізушілер тіркелген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЗЫМ

Тәуелсіздік мерекесін тойлау әлі де жалғасып жатыр. Әрине, тәуелсіздік десе, алдымен Желтоқсан оқиғасын ұлықтау да қалыпты жағдай. Себебі, Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздікке бастау болғаны тек Қазақ еліне ғана емес ТМД мемлекеттеріне де мәлім. Сірескен Кеңес Одағының іргетасын ыдыратқан желтоқсаншы қаһармандардың ерлігін бүгінгі ұрпаққа дәріптеу қасында жүрген батырларды үлгі тұту нағыз патриоттық тәрбиенің қайнар көзі болар еді.

ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» демекші, мереке күндері Алматы облысы Кербұлақ ауданы Алтынемел орта мектебі ауылдан шыққан желтоқсаншы қаһармандар Байболов Ермек, Әбдісадықова Ұлтуар мен Бупаева Ұлтуарды мектепке арнайы шақырып кездесу өткізді.

Жиынды Алтынемел ауылдық округ әкімі Олжас Сәтқалиев ашып беріп, қонақтарды, мектеп ұжымын, оқушыларды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесімен құттықтап, Желтоқсан оқиғасы жайлы балаларға мағлұмат айтып, болашақта береке-бірлік, толағай табыстар тіледі.

Өз сөзінде Алтынемел орта мектебінің директоры Ә. Қыстаубаев мереке қарсаңында жасалған іс-шараларды айта келе, мектебімізде ауылдың бүгінгі батырлары, желтоқсаншыларға арнайы көрме бұрышы ашылып, балаларға желтоқсан жайлы патриоттық дәрістер өткізіліп тұратынын айтты. Кездесу барысында Ербол Байболовтың атында оқушылар арасында волейболдан турнир өткізілді. Жарыс жеңімпаздарын Е. Бекболовтың өзі марапаттады. Сонымен қатар 1986 жылы осы мектепті Ермек Тұрсынұлымен бірге бітірген сыныптастары мектепке арнайы әкелген сыйлықтарын табыстап, мектеп басшысына шапан жапты. Ал желтоқсаншы ардагерлер өз естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар кеш қонағы Ермек Тұрсынұлы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесінің бүгінгі ұрпаққа бұйырғаны асқан бақыт екенін айта келе мектеп ұжымына алғысын білдірді.

Жиын соңында мектеп директоры Әсет Қыстаубаев Желтоқсан қаһармандарын алғыс хаттармен марапаттады.

Болашақ ұрпаққа берері мол іс-шара өте жоғары деңгейде өтті, жиналған қауым үлкен әсер алды. Мектеп директоры болашақта жыл сайын желтоқсандықтарға арналатын кештердің өтуі ұлғаймаса, азаймайтынын айтты.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ

РЕФОРМАЛАР ҮДЕДЕН ШЫҚТЫ

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейін тұжырымдамасы 2021 жылғы 15 қазанда Президенттің №674 Жарлығымен бекітілген. Ол тұжырымдамада елдегі құқықтық саясаттың біраз мәселелері көрсетілген. Мәселен, жеке тұлғалар мен ұйымдардың негізгі құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезекте және тиімді қорғауға жататын негізгі болу керек деп көрсетілген.

Сот және құқық қорғау жүйесі органдарының осы саладағы қызметі өте маңызды, өйткені олар бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтірудің кепілі.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген органдарды тиісті заңнамалық базаны жетілдіру арқылы ғана емес, тиісті институционалдық шаралар қабылдау арқылы да тұрақты дамыту маңызды міндет болып табылады.

Сонымен қатар, ашық реттеу қағидатында құқықтық саясаттың ашықтығын реттеудің адресаттары болып табылатын барлық тараптардың мүдделерін ескеруді қамтамасыз ететін жаңа институттарды дамыту және қалыптастыру жаңа реформаларға деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Осы қағидатты қолдану неғұрлым оңтайлы шешім қабылдауға ықпал етеді, құқықтық реттеуді жүзеге асыру процесінде кездейсоқ шешімдердің әсер ету дәрежесін төмендетуге көмектеседі, сондай-ақ оның табысты болуының негізгі факторына айналады.

Г.ЕРНАЗАРОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ӨНЕР

САҢЛАҚ СӘУЛЕТШІ

Алматы қаласы Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде белгілі сәулеткер-суретші Молжігіт Берік Ұзақбайұлының «Ұшқан ұя» атты жеке шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті.



Салтанатты шара барысында аталған музей директорының орынбасары Алтынжан Хожамуратова, өнертанушы Баян Барманқұлова, Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, тағы басқа әріптестері көрме иесіне ізгі лебіздерін арнады.

Есте жоқ ескі замандардан бері адамзатпен бірге жасап келе жатқан ежелгі өнерді бағалайтын жандардың назарына суретшінің 80-нен астам кескіндемелік, графикалық туындыларымен қатар, сәулет өнеріндегі нысандар жобалары бейнеленген бірнеше планшеттер ұсынылады.

Берік Молжігіттің негізгі кәсібі сәулеткер, бірақ кескіндеме мен графика оның өміріне гармония әкелетін, эмоциялар мен сезімдерге ерік беретін жан дүниесінің бір бөлігі болды. Мысалы, имандылық иірімдеріне толы «Қағба», «Тәуәп ету», «Намаз» картиналары ішкі рухани әлемінен хабар берсе, «Балалық», «Ұшқан ұя», «Әжемнің бейнесі» туындылары – суретшінің көкейінде қалған балалық шақтың бал күндері, сағынған сағым жылдарының естеліктері. Көрменің «Ұшқан ұя» деп аталуы да содан болса керек.

Осы орайда сәулет көкжиегін жіті сезініп, кең шола білетін саңлақ сәулетшіні сөзге тартқан едік.

– Балалық шағым Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Тасқұдық елді мекенінде өтті. Сурет салуға бала кезімнен құштар болдым. Әсіресе, қой бағуға, мал қайтаруға шыққандағы табиғат көріністерін көңіліме түйіп, үйге келген соң қағаз бетіне түсіретінмін. Сегізінші сыныпта оқып жүрген кезімде, «Ара» журналының суретшісі Юрий Казанцевқа суретші болғым келетінін айтып хат жаздым. Ол маған суретші болу үшін Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түсу қажеттігін айтып, жауап жолдады. Училищеге жазған хатыма мені оқуға шақырған жауап келді. Ауылдан ұзап шығып көрмеген баламын. Сол шақыруды қабыл алып, 15 жасымда арманымды арқалап, үш мың шақырым жерден Алматыға жол тарттым. Аталған училищені 1973 жылы бітіріп шықтым. Кейін Ленинградтағы КСРО көркемөнер Академиясының И.Е. Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтын сәулеткер-суретші мамандығы бойынша тәмәмдадым. Ел жаққа жиі барып тұрамын. Бір барғанымда ауылдағы тұрған үйіміздің құлап тұрғанын көрдім. Балалық шағымның бір естелігі болсын деп үйдің бір терезесін өзіммен бірге Алматыға алып келдім. Сол терезе менің «Балалық», «Ұшқан ұя», «Әжемнің бейнесі» туындыларымды жазуыма шабыт берді, – деп, ықыластана әңгімеледі Берік Ұзақбайұлы.

Қырық жылға жуық сәулет-жобалау саласында жетекші сәулетші,



жобалардың бас сәулетшісі қызметін атқарған Берік Ұзақбайұлы Қазақстандағы көптеген қалалардың көркеюіне елеулі үлес қосып, әсем ғимараттар жобасының авторы болып табылады. Олардың ішінде Алматы әуежайындағы жолаушыларға арналған жаңа терминал, Тараз қаласындағы Спорт сарайы, Астанадағы «Керуен» ойын-сауық кешені, «Думан» ықшамауданындағы 1000 орындық мектеп, ҚазҰУ аумағындағы Білім сағаты, тағы басқа нысандар бар.

Суретші өз шығармашылығында сәулет өнері мен кескіндеме, графикада жеңіл, еркін жұмыс істеп, барлығын қатар алып жүреді.

Молжігіт Берік Ұзақбайұлы – Қазақстанның Құрметті сәулетшісі, Қазақстан Республикасының Сәулетшілер және Суретшілер одағының мүшесі, Болгария сәулетшілер одағы «Алтын капитель», XII Дүниежүзілік сәулетшілер триенналесі «INTERARCH–2012» «Алтын медаль» марапатының иегері.

Көрме 2022 жылдың 20 қаңтарына дейін жалғасады.

Айгүл АХМЕТОВА.

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3.«Laura 95» БСН 210240011997 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы обл., Қарасай ауданы., Шамалған ауылы, Текелі көшесі, 1 үй, пошта индексі 040928.

4. «Түркістан План» ЖШС, БСН 200140027786 (Кентау қаласы, Төле би көшесі, №51-2) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Кентау қаласы, Абай көшесі, 1-39. Тел: +77078651895

5.Бабалы - БАК ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі БСН 160540024787 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады. БҚО Ақжайық ауданы Тайпат ауылы Хан Тәңірі көшесі 61, тел 87711321084

8.«Костомар» АӨК (БСН 160340005092) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 022213, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Исаковка ауылы, Достық көшесі, 1/2 үй.

10.«Decurio» ЖШС, БСН 030840017365 (Алматы қаласы, Төле би көшесі, 111) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Іле тракті, 21 а. Тел.: 87273930918.

ӘРТҮРЛІ

2. «Ломбард Спринт» ЖШС (БСН 100940008850) микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензияның (Лицензия №03.21.0021 Л, 19.03.2021 ж.) әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 5 ықшамаудан, 24 үй, 90 пәтер.

6. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№37 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН: 121240005506, коммуналды мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№37 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі, 72 үй, пошта индексі 090000
Тел.:+7775 6401185, +7777 6167164, +77112 272568.

9. «Ломбард Феникс-ИВ» ЖШС, БСН 180340031015, микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін 2021 жылдың 25 ақпанында берілген №10.21.0008 Л лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды.

7. «Центральноазиатская Аграрная Компания» ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 118, ерікті түрде тарату туралы хабарлайды.
Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасымен және «Центральноазиатская Аграрная Компания» ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады.
Кредиторлардың талап-өтініштері «Центральноазиатская Аграрная Компания» ЖШС-ке, тарату комиссиясымен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 118, екі күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

11. »Кредит Сервис Ломбард» өтеп алынбаған мүлікті сату бойынша сауда-саттықты жүргізеді.
Өткізу орны: Нұр-Сұлтан қ., А.Кравцов көш., 6
Өткізу күні: 25.01.2022, 26.01.2022, 27.01.2022
Сауда-саттықтың басталуы: 10:00
Анықтамалар үшін телефоны: +7 775 371 29 69. Лиц. 01.21.0009Л

14. Ерейментау ауданы «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140010546, Ерейментау ауданы «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды, БСН 060140005232. Шағымдар Ерейментау қаласы, А.Құнанбаев көшесі 115, мекенжайы бойынша қабылданады.

15. Қызылорда қаласының тұрғыны болған, 1978 жылдың 21 шілдесінде туылған Шаяхметов Жумабек Бахытжановичті 2001 жылдың 23 қаңтарынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты анасы Шаяхметова Кундызай Умирсериковна іздеу салады. Қызылорда қалалық сотының 2021 жылдың 9 желтоқсанындағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 8-705-151-75-58, 8-775-297-09-25.

16. »№42 «Ақ ниет» гимназиясы» БСН: 991040002300,коммуналды мемлекеттік мекемеден,шаруашылық жүргізу құқығындағы «№42 «Ақ ниет» гимназиясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:Қазақстан,Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Московская көшесі, 10А, пошта индексі 090014 Тел.:+7707 7952325, +77112 93-99-72.

17. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН:010140002358, коммуналды мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы, Д.Қонаев атындағы шағынаудан, құрылыс 54., пошта индексі 090000, 8 (7112) 28-69-84, 8-705-804-04-91.

18. БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «А.Тайманов атындағы №34 МГ» КММ, БСН: 060740004236, коммуналды мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «А.Тайманов атындағы №34 МГ» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: (БҚО, Орал қ., Солтүстік-шығыс ауданы 2, 29 үй, инд. 090003 тел. +7(7112)26-84-52, +77775215136.

19. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№46 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 140140009976), коммуналдық мемлекеттік мекемесінен «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№46 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қ., Жаңа-орда, 30 үй., Индекс: 090000, 8 (7112) 30-42-92, 8-701-330-27-47.

20. Қостанай облысы МАЭС-ның 14.12.2021ж. ұйғарымымен «КиТ» ЖШС-не, БСН 971140001044, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70 үй.

21. «Біріккен химиялық компания» ЖШС, БСН 090140015077 кредиторларға келесіні хабардар етеді:
1. Жалғыз қатысушының жарғылық капиталды 367 472 458 800 теңгеге дейін азайту туралы бұрын қабылданған шешімінің («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №40/21 хаттамасы) күші жойылғаны туралы;
2. Жалғыз қатысушы жарғылық капиталды 256 521 774 600 теңгеге дейін азайту туралы жаңа шешім («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 58/21 хаттамасы) қабылдады. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде Z05T1X3, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10-үй мекенжайы бойынша немесе «Жарғылық капиталды азайтуға қатысты» деген белгімен office@ucc.com.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

22. «Ә.Н Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі» БСН: 980540001345, коммуналдық мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ә.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қ., Х.Досмұхамедов к., 32 үй, 090000 Тел.: +77112 240015.

23. «БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН: 080740018061, коммуналды мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы «БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы №10 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, БҚО, Орал қаласы, М.Мәңкеұлы көшесі, 71 үй, пошта индексі 090000 Тел.:+7 705 166 30 98, +77112 263095.

24. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№47 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН: 150940008463, коммуналды мемлекеттік мекемеден шаруашылық жүргізу құқығындағы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№47 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Зачаганск кенттік округі, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Арман ықшам ауданы, Мұрат Мәңкеұлы көшесі, 114/1, пошта индексі 090009 Тел.: +77774382544, +77112302120.

25. АӨК «Мөлдір бұлағы» БСН 170840032921 таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылы, Шәкен көшесі № 30 үй тел.: 8724-38-36-5-34.

26. Сарысу ауандық сотының судьясы Д. Кадеркулкызының 2021 жылдың 9 желтоқсандағы ұйғарымына сәйкес, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Амангелді көшесі №5 үй тұрғыны А.К. Куатбекованың өтініші бойынша азаматша Сагиндикова Жанар Дуйсеновна, 9 қазан 1987ж.т. Жамбыл облысы, Жаңатас қаласының тумасы, жұмыссыз, іс түссіз жоғалғаны туралы іс қозғалды. Ж.Д. Сагиндыкова қазіргі таңдағы тұрғылықты мекенжайы туралы ақпарат білетін барлық тұлғаларға ақпаратты басылым шыққан күннен бастап үш айлық мерзімде сотқа хабарлау керек.

МҰРАГЕРЛІК

12. 27 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған Отарбаев Сатыбалдының артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2, тел.ном:87773677972.

13. 10.08.2021 ж. қайтыс болған Рүстемова Қалдықыз Асылханқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 321 мекенжайы бойынша нотариус М. Дарибаевқа келуі қажет. Тел.: 87766048586.

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

КӨКЖИЕК

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы қабылданған стратегиялық бағдарламаларда жоғары кәсіби деңгейдегі, еңбек нарығындағы бәсекелес, қазіргі инновациялық технологияларды меңгерген, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге дайын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығы бар мамандарды даярлау мақсаты қойылған.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Қазақстанда академиялық ұтқырлықты (Academic mobility) жүзеге асырудың негізгі мақсаты – ол білім берудің сапасын халықаралық ақпараттық қоғамға бейімделген жаңа мамандарды тәрбиелеу арқылы арттыру. Қазіргі таңда академиялық ұтқырлық серіктес жоғары оқу орындар арасында студенттер, магистранттар алмасудың тиімді формасының бірі.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы қазақстандық университеттерді халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік еңбек нарығында да лайықты орын алуға қабілетті сапалы жаңа еңбек ресурстарын қалыптастыруға ықпал ететін фактор ретінде маңызды рөл атқарады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттерге шетел университетінде бір семестрді аяқтауға мүмкіндік береді. Министрлік грантына екі жаққа ұшу, 105 күнге тұру, медициналық сақтандыру және виза шығындары кіреді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша бакалавриаттың 2-4 курс студенттері, магистратураның 2 курс білім алушылары (бюджеттік және келісім-шарт негізінде оқитын студенттер) оқи алады. Осы бағдарлама бойынша оқуға үміткерлердің ҚР азаматтығы болуы тиіс; жоғары академиялық көрсеткіштері (орташа балл 3,5-тен жоғары); сертификатпен расталған шет тілін еркін меңгеруі (upper-intermediate және одан жоғары) қажет.

Бүгін де әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қызметінде жоғары білім беруді интернационалдандыру негізгі үрдістердің бірі болып табылады. Университет дамуының негізгі басым бағыттарының бірі – «Академиялық ұтқырлық бағдарламасы». Бүгінгі таңда университетте ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары сәтті жүзеге асырылуда. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша әр түрлі елдердің жетекші университеттерімен ынтымақтастықты дамыту және ғылыми-зерттеу орталықтарымен серіктестік қарым-қатынасты орнату жұмыстары жүргізіліп келеді. Осындай бағдарламалар арқылы университет студенттері мен магистранттары оқу барысында шетелде оқуға мүмкіндік алады. Осындай келісім шарттың бірі Ресейдің Мәскеу қаласында орналасқан Жоғары экономика мектебінің зерттеу университетімен жасалған. 2019 жылы Мәскеу қаласының Жоғары экономика мектебінің зерттеу университетіне факультетімізден студент А.Н. Аманбаев, Г.М. Гизатов, Л.Н. Изгарасова, А.Ж. Кабатан және А.К. Серикбаева іссапарға жіберіліп, оқудан өтті. Бұл бағдарлама – қабылдаушы шетелдік серіктес жоғары оқу орнында, оқу орнының дипломынсыз бір семестр білім алуға мүмкіндік береді.

2020 жылы әлемді жайлаған коронавирус пандемиясына байланысты ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылға арналған академиялық ұтқырлыққа гранттары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 156 «ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 39 «академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру жоспарын бекіту туралы» бұйрығының күшін жою туралы» бұйрығына сәйкес әлемді жайлаған коронавирус пандемиясына байланысты Республикалық бюджет комиссиясының 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 6-шешімімен 2020 жылы сыртқы академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға бюджет шығыстары қысқартылды. Осыған орай, «Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығының күшін жою туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 156 бұйрығына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылға арналған академиялық ұтқырлық гранттарының күші жойылды.

2021 жылдың тамыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Шетелде академиялық оралымдылық шеңберінде оқу үшін орын санын бөлу жоспарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 22 шілдедегі № 358 бұйрыққа сәйкес игерілген білім беретін оқу бағдарламаларын кредиттер түрінде міндетті түрде қайта есептей отырып, академиялық ұтқырлық шеңберінде (бакалавриат) оқу үшін бір семестрге конкурс жариялады.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуының стратегиялық басым бағыттарының бірі.

А.ОМАРОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің доценті., з.ғ.к.
А. КУСАИНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің аға оқытушысы

ОРТАҚ МҮДДЕ

АДАМ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫ

Адамның өмірі – қоғамның құндылығы, мемлекеттің қазынасы. Ата заңымызбен қатаң қорғалатын баға жетпес байлығымыз адам құқықтары, адам өмірі күн санап құнсызданып барады. Осыдан біраз бұрынғы Алматыда орын алған 3 сәби мен ана өлімі қоғамды дүр сілкіндірді. Қоғам қатты ұйқыдан шошып оянғандай кепте жүр.

Бейресми ақпараттарға сүйенсек, 2021 жылдың үш айында 834 қазақстандық өз-өздеріне қол салған. ҚР Бас прокуратурасының құқық статистикасы мен арнайы есеп комитетінің дерегінше, елімізде бір күнде 9 адам өз-өзіне қол салады екен. Жалпы, әлем бойынша еліміз суицид жағдайы бойынша үшінші орында тұр.

Қазақстандық психологтардың айтуынша, елімізде өзіне-өзі қол жұмсайтындардың 30 пайызының психикалық ауытқушылықтары болса, 70 пайызы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтардың кесірінен өмірімен қоштасады екен.

Өз-өзіне қол жұмсау – бұл бір адамның немесе оның айналасындағылардың ғана психологиялық проблемасы емес, бұл – микро көзқарас және мәселенің тек салдары. Негізгі себептерін тереңірек іздеу керек. Өзін-өзі өлтіру жағдайы – қоғамның әлеуметтік әл-ауқатының барометрі.

Көршілес мемлекет Өзбекстанның өзінде «Махалла ва оила» (Махалла және отбасы) ғылыми-зерттеу институты бар екен. Бізде де мәселенің түбі зерттелуі керек. Суицид мәселесімен медицина, педагогика салалары, құқық қорғау органдарымен бірге үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген психологтардың айналысуынан бөлек, бұл індетпен қоғам болып күресуіміз керек.

Эльвира АЛИМОВА,
ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы бастығының орынбасары, PhD докторы, қауымдастырылған профессоры

МЕЖЕ

ТӨРЕЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Қазақстанның құқықтық саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында жасалды. Оның 5-ші бөлімі «Құқық қорғау мен сот жүйелерін және құқық қорғау институттарын дамытудың негізгі бағыттарын» айқындайды.

Аталған бөлімде құқық қорғау органдары мен олардың қызметкерлері қызметінің тиімділігі халықтың сенім дәрежесіне сәйкес айқындалуы қажет екеніне баса назар аударылған. Көрсетілген өлшемшартты тұрақты, үздіксіз арттыра отырып халықтың сенімі мен құрметіне ие қызметкерлерді мансаптық ілгерілету жолымен трансформациялауды жалғастыру қажеттігі айтылған.

Соның ішінде, сот жүйесін жаңғырту жөніндегі жұмыс: соттарды одан әрі мамандандыру, кассациялық сатыға істерді шығару рәсімін өзгерту, қалаларда бірінші сатыдағы соттарды біріктіру секілді бағыттар бойынша жалғастыруды талап ететіні көрсетілген.

Сонымен қатар, Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы – дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту болып табылады, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттырады.

Осыған байланысты дауларды шешудің баламалы тәсілдерін реттеу саласындағы саясатты жүргізетін уәкілетті мемлекеттік органды айқындау, олардың тұрақты негізде кеңінен қолданылуын ынталандыратын шаралар қабылдау маңыздылығын атай келе, құқық қолдану практикасы төрелік пен медиацияны құқықтық реттеудегі бірқатар кемшіліктерді анықтады, осыған байланысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, осы институттарды одан әрі дамыту қажеттігіне баса назар аударылған.

Г. КАЛДЫБЕКОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ҰЛТ ЖОСПАРЫ

ДАРА ЖОЛДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫ

Республикамыздың даму тарихынан отандық сот жүйесінің даму тарихын бөліп қарай алмаймыз. Еліміз егемендік алғалы бері сот саласында күрделі реформалар жүзеге асты, олардың барлығы дерлік сот жүйесінің жұмысын оңтайландыруға ықпал етті.

Д. СЛЯМКУЛОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Мемлекет басшысы ең алдымен, сот жүйесінің тәуелсіз жұмыс істеп, әділетті сот төрелігін қамтамасыз ету қажеттігін алға қойды. Судьялар тәуелсіздігі мен мәртебесінің заңмен айқындалуы соның басты дәлелі. Заман талабына сай жетілдіріліп, қолға алынған тың бастамалардың басты ретінде азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігі артқанын айтуға болады.

Сала қызметінің ашықтығы толықтай қамтамасыз етілді. Сот реформаларының өзін-өзі ақтауын «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы 20-қадамның толық орындалғанынан да көруге болады. Онда сот процестерін дыбыс және бейне таспаға жазу міндеттелсе, бүгінде бұл шара өз нәтижесін беруде. Тағы бір айтарлығы, судьяларды іріктеу тетіктері мен талаптары қатайтылды. Аса ауыр қылмыстарды алқабилердің қатысуымен қарайтын институт 2007 жылы іске кірісті. Сот төрелігіне халық өкілдерінің тартылуы өз кезегінде істі ашық жүргізу шынайылығын көрсетті. Қазақтың билер сотында бітімгершілік маңызды рөл атқарған. Сот ісін баламалы негізде халықтың өзін қатыстыра отырып жүргізу мақсатында елімізде 2011 жылы «Медиация туралы» заң қабылданды. Соған орай, ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен медиация тәсілдері жан-жақты жұмыс істеуде. ТМД елдерінің арасында Қазақстан алғашқылардың бірі болып Тергеу судьясы институтын енгізді.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің күшіне енуіне орай, жаңа әкімшілік соттар жұмысын бастады. Сот істерін тиімді шешудің жаңа тетіктері қалыптасты. Сот жүйесінің жоғары көрсеткіштері мемлекетті демократиялық тұрғыда дамытудың биік деңгейін айқындап берді.

Еліміздің болашаққа бастар бағыты да, мақсаты да айқын. Конституциялық реформалар жасалды, көптеген заңдар жаңарды, рухани жаңғыру жолына түстік. Соттардың ең басты міндеті – сот төрелігін уақытылы әрі сапалы түрде жүзеге асыру десек, айтып отырған оң қадамдар соның жарқын көрінісі.

КИЕ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ

Тіл – ұлттың рухы. Оның ішінде қазақ тілі – халқымыздың болашағы, рухани өміріміздің бір бөлігі.

Елбасымыздың «Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды», – деген сөзі бүгінгі күннің және келешектің нақты ұстанымы екендігі сөзсіз. Мемлекеттік тіл мәселесіне заң тұрғысынан қарайтын болсақ, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңы Қазақстанда тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Аталған заңға сәйкес, Қазақстанда сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс, қажет болған жағдайда ғана, сот ісін жүргізу орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылатыны көрсетілген. Еліміздің мемлекеттік тілі мемлекет аймағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін, іс қағаздарын жүргізу тілі екенін айқындау жолында іс-шаралар жүзеге асуда.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Г. САРСЕНБАЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маман - сот отырысының хатшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №188 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31